

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Инженерия факультеті**  
**Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**

№ 6 хаттама

Кентау қаласы

13.02.2026 ж.

**Қатысқандар:** факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары А.Ағабекова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, PhD, аға оқытушы А.Н.Аманов, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т.

**Күн тәртібі:**

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) талаптарына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасы, модульдер, оқу пәндері бойынша оқыту нәтижелерінің жобаларын тұжырымдау.
3. ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.
4. Түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы талаптарды тұжырымдау
5. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну
6. Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша сөз алған Г.Ниязова білім алушылардың сауалнамалары әлі жүріп жатқанын ескеріп, күн тәртібіндегі 1-ші мәселені наурыз айындағы факультет ОӘК мәжілісіне қалдыруды ұсынды.

**Шешім 1.1:** ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау №7-ші ОӘК мәжілісіне қалдырылсын.

**Екінші мәселе** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) талаптарына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасы, модульдер, оқу пәндері бойынша оқыту нәтижелерінің жобаларын тұжырымдау туралы сөз алған Г.Ниязова қазіргі кезде 2026-2027 о.ж. қабылданатын білімгерлер үшін әзірленіп отырған ББ-ның мақсаты мен күтілетін нәтижелердің Bloom таксономиясы деңгейлеріне сәйкестігін, оқыту нәтижелері мен бағалау құралдарының (БӨЖ, БОӨЖ, емтихан, жобалық жұмыстар) сәйкестігін, модульдік құрылымның логикалық бірізділігі мен кредиттік жүктеменің сәйкестігін ұдайы қадағалау маңызды екендігін атап айтты. Сөз кезегін алған А.Баялы: мемлекеттік стандарт талаптарының сақталуы ЖОО Оқу әдістемелік кеңесі, тиісті ұжымдық құрылымдық тарапынан ұдайы жіті қадағалауда екендігін атап айтты. Сонымен қатар, аталған талаптарды 2026-2027 о.ж. қабылданатын білімгерлер үшін назарға алудың маңыздылығына тоқталды.

**Шешім 2.1:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) талаптарына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасы, модульдер, оқу пәндері бойынша оқыту нәтижелерінің сәйкестігі 2026-2027 о.ж. арналған ББ сақталуы қадағалансын.

*Үшінші мәселе* ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау мәселесі бойынша сөз алған А.Ағабекова: 2025-2026 о.ж. қысқы сессия барысында факультеттің 5 студентінің академиялық адалдық талаптарын бұзған студенттер болғанын атап айтты. Олар: 1-курс студенттері Н.Нұрмахан (6В06198), А.Нұрбаева (6В06198), Ш.Худайбергенов (6В06151), Д.Қалдыбай (6В06151) және Д.Мырзағұл (6В06198). Бұл студенттерге дер кезінде актілер толтырылды, емтихандардан шығарылды және деканат тарапынан ескерту жасалды. Бұл өз кезегінде топ эдвайзерлері тарапынан студенттермен академиялық адалдық талаптарын сақтау және оның маңыздылығы туралы қосымша түсіндірулер жүргізуді қажет ететіндігін көрсетеді. Магистратура деңгейінде 1-курс магистранты 7М06128 – Ақпараттық жүйелер ББ, ИМАЖ-511 тобынан Т.К.Алимкулов «Заманауи талшықты оптикалық желілер» пәнінен (пән оқытушысы PhD, аға оқытушы А.Абибуллаева) жоба жұмысы плагиаттық тексерудің шектік балынан өте алмағандықтан емтиханға жіберілмеді. Мониторинг нәтижесінде қабылданған шаралар қолданыстағы ережелерге сәйкес деп танылды

**Шешім 3.1.** ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерінің алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

*Төртінші мәселе бойынша* сөз алған Ж.Калимбетова күн тәртібіндегі мәселе бойынша түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы талаптар туралы айтты. Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін, кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін және оқу нәтижелерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі. Қорытынды аттестаттау рәсімі белгіленген мерзімдерде, бекітілген кестеге сай ұйымдастырылады. Оған ББ бойынша оқу бағдарламасын толық меңгерген бітіруші топ білім алушылары жіберіледі. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасын толық меңгерген, оқу жоспары мен академиялық талаптарды орындаған, белгіленген көлемде кредиттерді игерген білім алушылар жіберіледі. Аттестаттау нысандары кешенді емтихан тапсыруды және/немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік немесе докторлық диссертацияны қорғауды қамтиды. Аттестаттау рәсімінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрылады. Комиссия құрамы тиісті саланың білікті мамандарынан жасақталады. Бағалау критерийлері алдын ала бекітіліп, білім алушыларға жеткізіледі. Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы қатаң бақылауда болады. Қорытынды аттестаттау нәтижелері хаттамамен рәсімделіп, комиссия шешімі негізінде тиісті біліктілік пен дәреже беру туралы шешім қабылданады. Аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге белгіленген үлгідегі диплом және қосымша (транскрипт) беріледі. Мәжіліс мүшелері түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы академиялық талаптардың сақталуын бойынша қосымша жұмыстар жүргізілетіндігін айтты.

**Шешім 4.1:** Түлектерді қорытынды аттестаттауда жалпы академиялық талаптардың сақталуы қадағалансын.

Бесінші мәселе бойынша сөз алған декан орынбасары Ж.Калимбетова көктемгі сессия емтихан түрлері туралы факультет кафедраларының ұсыныстарын таныстырып, талқылап, бекіту қажеттігі туралы айтты. Сөз кезегін алған «Электр инженериясы» кафедрасының меңгерушісі З.Абдикулова: кафедра білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат деңгейінде 27 емтихан қабылдау жоспарланған. Олардың 8-і жоба қорғау түрінде өтеді, 19-ы жазбаша форматта өткізу белгіленген. Магистратура деңгейінде жалпы өтетін емтихандар саны: 6. Барлығы жоба қорғау түрінде қабылданады. «Компьютерлік инженерия» кафедрасы меңгерушісі А.Аманов: 2025-2026 оқу жылының 2-семестрінде кафедрада 27 пән бойынша емтихан қабылданады. Оның ішінде пән мазмұны ерекшеліктеріне байланысты 15-і жоба қорғау; 6-тәжірибелік, 5-жазбаша форматты өтуі жоспарланған. Магистратура деңгейінде 7М06128-Ақпараттық жүйелер, 7М06146-Компьютерлік инженерия ББ бойынша 4 емтихан жоба қорғау форматында жоспарланған. Докторантура деңгейінде ББ сәйкес пәндік емтихандар жоқ, ДҒЗЖ, Ғылыми семинарлар өтуі белгіленген. Мәжіліс төрағасы ұсыныстарды талқылаудан соң бекітуге ұсыну қажеттігін айтып, мәжіліс мүшелерінің дауыс берулері қажеттігін айтты. Мәжіліс мүшелері 2025-2026 о.ж. көктемгі сессия емтихан түрлерін бекіту үшін университет Оқу әдістемелік кеңесіне ұсынуға бірауыздан қолдап дауыс берді.


**Шешім 5.1:** Көктемгі сессия емтихан түрлері бекіту үшін, университет ОӘК ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік  
комитет төрағасы



Г. Ж.Ниязова

Хатшы



О.Д.Меирбекова